



«КТЖ» ҰК» АҚ

АО «НК «КТЖ»

NC KTZ JSC

БҰЙРЫҚ

25 қыркүйек 2025 жыл

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 850 – ЦЗ

город Астана

Ұйым стандартын бекіту туралы

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы компаниялар тобының қажеттіліктері үшін теміржол мақсатындағы өнімдерді шығаратын кәсіпорындардың техникалық аудитін жүргізу тәртібіне өзекті сипат беру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы компаниялар тобының қажеттіліктері үшін теміржол мақсатындағы өнімдерді шығаратын кәсіпорындардың техникалық аудиттерін жүргізу» 1.14-2025 АҚ СТ ұйым стандарты бекітілсін.

2. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының басшылары аталған Стандарт талаптарының сақталуын қамтамасыз етсін.

3. «Ұйым стандартын бекіту туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 230-ЦЗ бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

Бас инженер

Р.Садырқұлов



Орынд. Мусина Г.Н. – ТЦ
+7 (7172) 60-42-19



«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

**«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ
ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ ҮШІН ТЕМІРЖОЛ МАҚСАТЫНДАҒЫ ӨНІМДІ
ДАЙЫНДАУШЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ
ТЕХНИКАЛЫҚ АУДИТІН ЖҮРГІЗУ**

АҚ СТ 1.14-2025

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Техникалық орталығы **ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ**

2 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Бас инженері 2025 жылғы «25» сәуірі № 880-43 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**

3 АҚ СТ АҚ СТ-620100210058-ТЦ-02-2022 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы компаниялар тобының қажеттіліктері үшін теміржол мақсатындағы өнімді дайындаушы кәсіпорындардың техникалық аудиттерін жүргізу» ұйым стандартының **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

«Осы стандартты «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының рұқсатынсыз толық немесе ішінара шығаруға, тираждауға және ресми басылым ретінде таратуға болмайды»

Мазмұны

1	Қолдану облысы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар	1
4	Негізгі ережелер	3
5	Техникалық аудиттің мақсаттары, міндеттері және қағидаттары	3
6	Техникалық аудитті дайындау тәртібі	4
7	Техникалық аудит жүргізу тәртібі	6
7.1	Алдын ала кеңес өткізу	6
7.2	Деректерді жинау және тексеру	7
7.3	Техникалық аудит қорытындыларын қалыптастыру	8
7.4	Қорытынды кеңес өткізу	9
7.5	Қорытынды шешім	10
8	Техникалық аудит нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдарын өзірлеу және іске асыру тәртібі	10
	А қосымшасы (ұсынылатын) Техникалық аудит бағдарламасының нысаны	11
	Б қосымшасы (ұсынылатын) Техникалық аудит актісінің нысаны.....	12
	В қосымшасы (ұсынылатын) Орындау нәтижелері бойынша есеп нысаны түзету және алдын алу іс-әрекеттері	13

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ**«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ
ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ ҮШІН ТЕМІРЖОЛ МАҚСАТЫНДАҒЫ ӨНІМДІ
ДАЙЫНДАУШЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ
ТЕХНИКАЛЫҚ АУДИТІН ЖҮРГІЗУ**Енгізу күні 2025 жыл 28 желтоқсан**1 Қолдану аясы**

Осы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы компаниялар тобының қажеттіліктері үшін теміржол мақсатындағы өнімді дайындаушы кәсіпорындардың техникалық аудиттерін жүргізу» ұйым стандарты техникалық аудиттерді дайындауға және жүргізуге, техникалық аудиттердің нәтижелері бойынша іс-қимылдарға және оларды бағалауға, сондай-ақ аудиттерді жүргізуге қатысатын персоналдың (техникалық аудиторлардың) біліктілігі мен құзыретіне қойылатын талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Стандартта мынадай анықтамалық нормативтік құжаттар қолданылады:

ҚР СТ ISO 19011-2022 Сапа менеджменті және/немесе қоршаған ортаны қорғау жүйелерінің аудиті бойынша ұсыныстар.

Ескерту - Осы стандартты қолданған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша стандарттау жөніндегі құжаттардың жыл сайын шығарылатын каталогы және ағымдағы жылы жарияланған стандарттардың мерзімді түрде шығарылатын тиісті ақпараттық көрсеткіштері бойынша сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтемелік стандарт ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты қолданған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік стандарт ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте қолданылады».

3 Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

Осы Стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

3.1 Компания: «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.

3.2 Компаниялар тобы: «ҚТЖ» ҰК» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында Компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар.

3.3 Еншілес ұйым (ЕҰ): Шешімдерін Компания жарғылық капиталға қатысудың басым үлесінің болуы не олардың арасында жасалған шарт негізінде немесе өзге түрде айқындай алатын заңды тұлғалар.

3.4 Мүдделі тарап: Нақты өндірістік, пайдалану жағдайларына байланысты техникалық аудит жүргізуге мүдделі және оның белсенді қатысушылары болып табылатын тұлға немесе тұлғалар тобы.

3.5 Дайындаушы (дайындаушы кәсіпорын): Ұйым, оның ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, сондай-ақ тұтынушыларға өткізу үшін өнімді дайындауды және/немесе жаңғыртуды жүзеге асыратын жеке кәсіпкер.

3.6 Аудит критерийлері: Олармен объективті куәліктерді салыстыру үшін қолданылатын талаптар жиынтығы.

3.7 Өндірістік процесс (өндіріс процесі): Өнімді дайындау үшін қажетті адамдар мен еңбек құралдарының барлық іс-әрекеттерінің жиынтығы.

3.8 Теміржол мақсатындағы өнім: Жаңадан дайындалған және/немесе жаңғыртудан өткен өнім, оған жылжымалы құрамның барлық түрлері, оның құрамдас бөліктері, теміржол тасымалдары процесінде пайдалануға арналған теміржол көлігі инфрақұрылымының компоненттері жатады.

3.9 Техникалық аудит бағдарламасы: Белгілі бір уақыт кезеңіне жоспарланған және нақты мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бір немесе бірнеше аудит жүргізу жөніндегі іс-шаралар.

3.10 Жоспар-график: Техникалық аудиттер жүргізудің жоспар-графикі.

3.11 Құрылымдық бөлімшелер (ҚБ): Компанияның орталық аппаратының департаменттері, қызметтері, бөлімдері, филиалдары, тіркеме штаты, өкілдіктері, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан өкілдіктері.

3.12 Техникалық аудит куәліктері: Аудит критерийлеріне қатысы бар және тексерілуі мүмкін жазбалар, фактілерді баяндау немесе басқа ақпарат.

3.13 Техникалық орталық (ТЦ): «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Көп функционалды қызмет көрсету орталығы» филиалының Техникалық орталығы

3.14 Техникалық аудит (аудит техникалық): Өндірістік процестерге, шығарылатын өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға, сондай-ақ ол болған кезде сапа менеджменті жүйесінің жұмыс істеуіне қатысты стандарттар, Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген құқықтық актілер, кәсіпорынның ішкі стандарттары талаптарының орындалу дәрежесін айқындау мақсатында қадағалау және оларды объективті бағалау нысанындағы куәліктерді алудың құжатталған процесі.

3.15 **Аудитор:** Аудит жүргізуге тағайындалған тұлға.

3.16 **Аудиторлық топ:** Техникалық аудит жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тағайындалған, аудиттің қаралатын саласында қажетті құзыреттері, білімі мен тәжірибесі бар Компанияның ҚБ және ЕҰ қызметкерлері қатарынан қалыптастырылатын топ.

3.17 **Тапсырыс беруші:** Техникалық аудит критерийлерін қалыптастыруға жауапты жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге бастамашы және қаржыландыратын ҚБ және ЕҰ.

3.18 **Аудиттелетін кәсіпорын:** Аудитке жататын ұйым.

4 Негізгі ережелер

4.1 Техникалық аудитті ұйымдастыру және жүргізу осы Стандартта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4.2 Техникалық аудитті Компанияның аудиторлық тобы немесе бөгде ұйым теміржол өнімін өндірушілердің өндірістік алаңдарында (өндірісті игергеннен кейін) жүргізеді.

4.3 Техникалық аудитті ұйымдастыруға және оны Компанияның аудиторлық тобының жүргізуіне Техникалық орталық жауапты болып табылады.

4.4 Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша келісімнің (шарттың) негізінде техникалық аудитті бөгде ұйым жүргізуі мүмкін.

4.5 Бөгде ұйым аудит жүргізген жағдайда осы Стандарттың ережелері қолданылмайды және техникалық аудит үшін және оның нәтижелері үшін Тапсырыс беруші мен тартылатын бөгде ұйым жауапты болады.

5 Техникалық аудиттің мақсаттары, міндеттері және қағидаттары

5.1 Техникалық аудиттің мақсаты дайындаушының Қазақстан Республикасында техникалық реттеу және стандарттау саласында қолданылатын, Компания өнімге, оны дайындау процестеріне және СМЖ-ге қоятын техникалық регламенттердің, құқықтық актілердің талаптарын орындауын растау, сондай-ақ:

1) дайындаушылардың өнім сапасын тұрақты арттыру, талап етілетін сенімділікке, дайындыққа, жөндеуге жарамдылыққа, қауіпсіздікке қол жеткізу жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту;

2) дайындаушы кәсіпорындар шығаратын теміржол мақсатындағы өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

5.2 Техникалық аудиттің міндеттері::

1) дайындаушының СМЖ талаптарын тұтастай орындауының объективті куәліктерін алу, сондай-ақ өнімге, өндірістік процестерге қойылатын нормативтік және техникалық құжаттама талаптарын орындау;

2) СМЖ нәтижелілігі мен тиімділігін арттыруға, өнімнің сапасын, оның сенімділігін, дайындығын, жөндеуге жарамдылығын, қауіпсіздігін арттыруға және қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға бағытталған ұсынымдар дайындау;

3) анықталған сәйкессіздіктердің себептерін жоюға бағытталған техникалық аудит нәтижелері бойынша дайындаушы әзірлейтін түзету іс-қимылдарының нәтижелілігін бағалау.

5.3 Техникалық аудиттерді жүргізу қағидаттары ҚР СТ ISO 19011 сәйкес аудит қағидаттарына негізделеді.

6 Техникалық аудитті дайындау тәртібі

6.1 Техникалық аудитті жүргізу үшін өндірілгеннен кейін кепілдік мерзіміне шыдай алмаған, пайдалану процесінде теміржол өнімінің істен шығу оқиғалары, қабылдау кезінде өнімнің сәйкессіздігін анықтау, алдағы сатып алу рәсімдері және т.б бойынша ҚБ/ЕҰ өтінімі (хаты) негіз болып табылады.

Техникалық аудит жүргізуге арналған өтінімде Тапсырыс беруші:

1) дайындаушының атауын, өнім түрін және өнімді жеткізуге қолданыстағы шарт(тар)ды;

2) өндірушінің өндірістік алаң(дар)ының мекенжайын;

3) техникалық аудит жүргізу үшін негіздемені (өнімнің пайдалану процесінде істен шығуы, қабылдау кезінде өнімнің сәйкессіздігін анықтау, алдағы сатып алу рәсімдері және т.б.);

4) аудит жүргізуге арналған негіздемелердің құжатталған куәліктері (алдағы сатып алу рәсімдерін қоспағанда);

5) мәлімделген өнімге конструкторлық, технологиялық, жөндеу және пайдалану құжаттамасының, сәйкестік сертификаттарының, сынақ хаттамаларының және сапа паспорттарының көшірмелері;

6) өндірушінің соңғы жүргізілген техникалық аудитінің нәтижелері бойынша Тапсырыс берушінің шешімдерінің көшірмелері (ол жүргізілген жағдайда);

7) аудит жүргізудің болжамды мерзімдері (аудит жүргізудің басталу күні өтінім жіберілген күннен бастап кемінде күнтізбелік 15 күн өткен соң белгіленуі тиіс);

8) өндірушінің көрсетілген болжамды мерзімдерде техникалық аудит жүргізуге құжатпен расталған келісімі, аудиттелетін кәсіпорын аумағында аудиторлық топты сүйемелдеуге жауапты тұлғалардың байланыс деректері;

6.2 Техникалық орталық өтінімді алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде қарайды және мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) өтінімді мақұлдау;

2) себептерін көрсете отырып, өтінімді қабылдамау.

Техникалық аудит жүргізуде өтінімді қабылдамау үшін мыналар негіз болып табылады:

1) аудитке арналған өтінімде мәліметтерді ұсынбау немесе толық ұсынбау (аудит бағдарламасын жасау үшін аудит мақсаттарын, аясын, объектілерін айқындауға мүмкіндік бермейтін түйінді мәліметтердің болмауы, сондай-ақ осы стандарттың 6.1-тармағының 8) тармақшасында көзделген ақпараттың болмауы);

2) аудит жүргізу мерзімдерінің осы стандарттың 6.1-тармағының 7) тармақшасында белгіленген ең төменгі мерзімдерге сәйкес келмеуі;

3) осы стандарттың 6.1-тармағының 5) тармақшасында көзделген нормативтік-техникалық құжаттаманы ұсынбау немесе толық ұсынбау, сондай-ақ ұсынылған ақпараттың өзекті болмауы.

6.3 Оң шешім қабылданған жағдайда Техникалық орталық Техникалық орталық аудиторы – Техникалық аудит бағдарламасын әзірлеуге жауапты аудиторлық топ басшысын тағайындайды.

Аудиторлық топ басшысы ҚР СТ ISO 19011-де баяндалған аудит қағидаттарына сәйкес техникалық аудитті жоспарлауға және жүргізуге жауапты болады және жүргізілетін аудиттің маңыздылығын ескере отырып, тиісті түрде кәсіби мұқият болуға міндетті.

Аудиторлық топ басшысы:

1) осы Стандарттың А қосымшасына сәйкес нысан бойынша техникалық аудит бағдарламасын әзірлейді;

2) ҚБ/ЕҰ ұсыныстары негізінде аудиторлық топты қалыптастырады;

3) аудит жүргізу күндерін және қажетті ресурстарды айқындайды;

4) техникалық аудит бағдарламасын Аудиторлық топ мүшелерімен, Тапсырыс берушімен және аудиттелетін ұйыммен (дайындаушымен) келіседі.

6.4 Мақұлданған өтінімдер негізінде Техникалық орталық Компанияның жетекшілік ететін басшысымен алдағы кезеңге (айға, тоқсанға, жартыжылдыққа, жылға) арналған техникалық аудит графигін бекітеді, онда аудит жүргізу тағайындалған негізгі өндірістік объектілердің ұйымдары, мекенжайлары мен өңірлері, Тапсырыс берушінің атауы, өнім түрлері және аудит жүргізу мерзімдері көрсетіледі. Техникалық аудиттер графигін жасау кезеңін Техникалық орталық дербес айқындайды.

Тапсырыс беруші және/немесе дайындаушы (аудиттелетін ұйым) аудит бағдарламасын алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оны келіспеген жағдайда, Техникалық орталық Тапсырыс беруші мен дайындаушыға тиісті хабарлама жібере отырып, аудитті дайындау мен жүргізудің барлық рәсімдерін тоқтатуға құқылы.

6.5 Аудиторлық топқа енгізілетін аудиторларды ҚР СТ ISO 19011 белгіленген критерийлерге сәйкестігін ескере отырып, ҚБ/ЕҰ басшылары тағайындауы тиіс.

6.6 Техникалық орталық аудиттің қаралатын саласында қажетті білімі, біліктілігі мен тәжірибесі болмаған, сондай-ақ ол ҚР СТ ISO 19011 белгіленген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда ҚБ/ЕҰ қызметкерін аудиторлық топтың құрамына енгізуден бас тартуға құқылы.

6.7 Аудиторлық топтың басшысы мен құрамы техникалық аудит бағдарламасында көрсетіледі.

6.8 Техникалық аудит бағдарламасын дайындау үшін Техникалық орталық аудиттелетін кәсіпорыннан техникалық аудитті ұйымдастыру және жүргізу үшін қажетті қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

Бағдарламаны дайындау үшін қажетті құжаттаманың көлемі мен түрі алдағы техникалық аудиттің мақсаттарынан анықталады және мыналарды қамтуы мүмкін: сапа жөніндегі басшылық, ұйымдық құрылым, стандарттар, кәсіпорынның ішкі регламенттері, нормативтік және техникалық құжаттар (конструкторлық, жөндеу құжаттамасы, технологиялық процесс және т.б.).

6.9 Техникалық аудит бағдарламасы шығарылатын өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуге әсер ететін, аудиттелетін кәсіпорынның барлық процестерін қамтуы тиіс.

6.10 Техникалық аудит жүргізу кезінде кәсіпорынның мынадай процестері (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) тексеріледі:

- 1) инфрақұрылымды және өндірістік ортаны басқару;
- 2) мамандардың болуы және біліктілігі (өндіріс процесінде тікелей айналысатын);
- 3) мониторингтеуге және өлшеуге арналған жабдықты басқару;
- 4) құжаттаманы (конструкторлық, жөндеу, технологиялық, тіркеу-есепке алу және т.б.) және жазбаларды басқару;
- 5) сатып алынған өнімді верификациялау;
- 6) өнімді сынау және қабылдау;
- 7) өнім сапасына және онымен өзара байланысты процестерге әсер ететін өзге де процестер.

7 Техникалық аудит жүргізу тәртібі

Аудитті дайындау және жүргізу ҚР СТ ISO 19011-2022 6-бөлімінде белгіленген тәсілдерге негізделеді.

7.1 Алдын ала кеңес өткізу

7.1.1 Алдын ала кеңес аудиттелетін кәсіпорынның өкілімен өткізіледі, оның барысында техникалық аудит бағдарламасының талаптары расталады.

7.1.2 Алдын ала кеңесте аудиторлық топ басшысы:

- 1) техникалық аудит бағдарламасы шеңберінде аудиторлар арасында жұмысты бөледі;

2) аудиторлық топтың мүшелерін, олардың техникалық аудиттегі рөлін қоса алғанда, таныстырады;

3) техникалық аудиттің мақсаттарын, салалары мен критерийлерін растайды;

4) аудиттелетін кәсіпорынмен техникалық аудитпен байланысты шарттарды (қорытынды кеңестің күні мен уақытын, Аудиторлық топтың және аудиттелетін кәсіпорын басшылығының кез келген аралық кеңестерін және бұдан кейінгі өзгерістерді) келіседі;

5) кеңеске қатысушыларды техникалық аудит әдістерімен және рәсімдерімен таныстырады;

6) сұрау салу бойынша аудиттелетін кәсіпорын оны өткізу кезінде техникалық аудиттің барысы туралы хабардар етілетінін растайды;

7) құпиялылық пен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, сондай-ақ аудит процесінің фото және бейнежазбаға өзара құқықтарының болуын растайды;

8) жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, төтенше жағдай кезіндегі рәсімдермен танысуды және Аудиторлық топ үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етуді растайды;

9) барлық ілесіп жүретін тұлғалардың болуын, рөлін және тегін растайды.

7.2 Деректерді жинау және тексеру

7.2.1 Аудиттелетін ұйым бөлімшелерінің қызметі туралы ақпаратты жинауды және тексеруді аудиторлық топтың мүшелері жүргізеді.

7.2.2 Техникалық аудит кезінде бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылға, қызмет пен процестерге қатысты ақпаратты қоса алғанда, техникалық аудиттің мақсаттарына, техникалық аудиттің саласы мен критерийлеріне қатысты ақпарат қажетті іріктемелер жолымен жиналуы және верификациялануы тиіс.

7.2.3 Техникалық аудиттің куәлігі тек верификациялауға болатын ақпарат болуы мүмкін.

7.2.4 Техникалық аудит әдістері:

1) қызметкерлермен сұхбаттасу;

2) қызметті, қоршаған өндірістік ортаны және жұмыс жағдайларын қадағалау;

3) құжаттар мен жазбаларды талдау.

7.2.5 Сұхбаттасу (сауалнама) жағдайды және жауап алынатын тұлғаны ескере отырып жүргізіледі.

7.2.6 Сұхбат барысында аудитор төмендегілерді ескереді:

1) сауалнама техникалық аудитті қолдану саласы шеңберіндегі әрекеттерді немесе міндеттерді орындайтын бөлімшелерде тиісті деңгейдегі тұлғалармен немесе функционалдық бөлімшелермен жүргізіледі;

2) қызметкерлерге сауалнама жүргізуді жұмыс уақытында және бұл мүмкін болатын жерде, жұмыс орнында жүргізеді;

3) сауалнама себебін және жүзеге асырылатын жазбаларды түсіндіру қажет;

4) сауалнаманы өз жұмысыңыз туралы айтуды сұраудан бастауға болады;

5) жетелеуші сұрақтардан аулақ болу керек;

6) сауалнама нәтижелері сауал қойылған адаммен бірге жинақталуы және талдануы тиіс;

7) сұхбат алған адамға ынтымақтастығы үшін алғыс айту қажет.

7.2.7 Жазбаларды талдау кезінде төмендегілерді, бірақ олармен шектелмей тексеруге болады:

1) мониторингтеу және өлшеу нәтижелері;

2) тексеру мен сынау хаттамалары (актілері);

3) кеңестердің хаттамалары;

4) персоналдың білімі мен біліктілігі туралы мәліметтер;

5) жобалау мен әзірлеуді талдау, верификациялау және валидациялау нәтижелері;

6) ішкі тексерулердің (аудиттердің) хаттамалары (актілері);

7) сәйкес келмейтін өнім (ақау) туралы актілер (қажет болғанда).

7.2.8 Аудит барысында алынған деректер келесі параметрлер бойынша бағаланады:

1) толықтығы – қоса беріліп отырған ақпарат/мәліметтер/құжаттар олардың аудит критерийлерінің талаптарына сәйкестігін бағалау үшін жеткілікті көлемде ұсынылған;

2) сәйкестік – қоса беріліп отырған құжаттардың мазмұны тікелей немесе өзге де растайтын/нақтылайтын құжаттарды ескере отырып критерийдің талабына сәйкес келеді;

3) өзектілігі – қоса беріліп отырған құжаттар критерий талабын бағалау сәтінде өзекті/жарамды болып табылады;

4) қадағалануы – процестерді орындаудың белгіленген тәсілдері (стандарттар, рәсімдер, регламенттер, нұсқаулықтар және т.б.) тәжірибеде сақталады, бір-бірімен өзара байланысы болады және құжаттық жазбалармен, ауызша растаулармен расталады;

5) дұрыстығы – құжаттарда ұсынылған мәліметтер/ақпарат ресми ашық дереккөздерге сәйкес келеді.

7.3 Техникалық аудит қорытындыларын қалыптастыру

7.3.1 Техникалық аудит қорытындыларын алу үшін техникалық аудит куәліктері техникалық аудит критерийлерімен салыстырылуы тиіс.

7.3.2 Техникалық аудиттің қорытындылары техникалық аудит критерийлеріне сәйкестігін немесе сәйкессіздігін көрсетеді және ұсынымдарды қамтиды.

7.3.3 Техникалық аудит қорытындылары шығарылатын өнімнің сапасын арттыруға, талап етілетін сенімділікке, дайындыққа, жөндеуге жарамдылыққа, қауіпсіздікке қол жеткізуге және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған, өнімді жақсартуға арналған мүмкіндіктерді айқындауы тиіс.

7.3.4 Техникалық аудит критерийлеріне сәйкессіздіктер анықталған орындарды, техникалық аудитке ұшыраған бөлімшелерді немесе процестерді көрсете отырып жинақталуы тиіс.

7.3.5 Сәйкессіздіктер техникалық аудит куәліктерінің объективтілігін растау үшін аудиттелетін кәсіпорынмен талдануы тиіс.

7.3.6 Осы Стандарттың 7.3-тармағының 7.3.4, 7.3.5-тармақшаларын орындағаннан кейін аудитор аудиторлық топ басшысының келісімі бойынша осы стандарттың Б қосымшасына сәйкес техникалық аудит актісіне сәйкессіздіктерді енгізеді.

7.3.7 Аудиттің куәліктері бойынша пікірлердегі келіспеушіліктер оны жүргізу барысында объективті куәліктер негізінде жойылады.

7.3.8 Даулы мәселелер бойынша түпкілікті шешімді аудиторлық топтың басшысы қабылдайды.

7.4 Қорытынды кеңес өткізу

7.4.1 Қорытынды кеңес техникалық аудиттің қорытындыларын ұсыну және талқылау, қажет болған жағдайда В қосымшасына сәйкес түзету іс-қимылдарын іске асыру туралы есепті ұсыну мерзімдерін келісу және техникалық аудиттің нәтижелері бойынша актіге қол қою мақсатында өткізіледі. Аудиторлық топ басшысы қорытынды кеңестің төрағасы болып табылады.

7.4.2 Қорытынды кеңесте аудиторлық топ басшысының төрағалығымен аудиторлық топ:

1) аудит қорытындыларын және техникалық аудит кезінде жиналған басқа да тиісті ақпаратты техникалық аудит мақсаттарына сәйкестігін қарайды;

2) Б қосымшасына сәйкес техникалық аудит актісіне енгізу үшін қорытынды сәйкессіздіктерді талқылайды;

3) тұрақты жақсартуға бағдарлана отырып, іс-қимылдардың қажеттілігі мен орындылығын атап өтеді;

4) аудиттелетін кәсіпорынның күшті, әлсіз жақтарын атап өтеді.

7.4.3 Қажет болған жағдайда аудиторлық топ басшысы аудиттелетін кәсіпорынның басшылығына жүргізілген техникалық аудитке қатысты өз пікірін баяндайды.

7.4.4 Қорытынды кеңесте аудиторлық топ басшысы аудиттелетін кәсіпорынның өкіліне осы стандарттың Б қосымшасына сәйкес ресімделген техникалық аудит актісінің бір данасын береді.

Техникалық аудит актісі және түзету іс-қимылдарының орындалуы туралы есеп Техникалық орталықта сақталады.

7.5 Қорытынды шешім

7.5.1 Аудит нәтижелері бойынша Техникалық орталық Тапсырыс берушінің қызметіне жетекшілік ететін Компанияның басшысына сәйкессіздіктерді жою жөніндегі ұсынымдары бар кәсіпорынның техникалық аудит актісін, сондай-ақ аудит фактілерін растайтын құжаттарды (актілер, фотосуреттер, хаттамалар, жазбалар және т.б.) жібереді.

7.5.2 Кәсіпорынның нормативтік және техникалық құжаттама талаптарына, Компания өнімге қоятын өндірістік процестерге сәйкестігі туралы түпкілікті шешімді өтініш берушіні шақыра отырып, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшенің мүдделі тарапы басшысының (Басқарма төрағасының орынбасарлары деңгейінен төмен емес) төрағалығымен өткен кеңес шеңберінде Компания басшылығы қабылдайды.

8 Техникалық аудит нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдарын әзірлеу және іске асыру тәртібі

8.1 Техникалық орталық техникалық аудит нәтижелері бойынша аудиттелетін кәсіпорын ұсынған, мақсаты сәйкессіздіктердің негізгі себептерін жоюға немесе олардың әсерін төмендетуге, әлеуетті сәйкессіздіктерге және СМЖ нәтижелілігін тұрақты арттыруға бағытталған шараларды іске асыру есебінен сәйкессіздіктердің қайта туындауына жол бермеу болып табылатын түзету іс-қимылдарын орындау туралы есепті қарайды.

8.2 Түзету әрекеттерінің орындалуы туралы есепті осы Стандарттың В қосымшасына сәйкес ресімдеу ұсынылады.

8.3 Өндірушінің бастамасы бойынша түзету іс-қимылдарының орындалуын бағалау үшін кәсіпорынға қайта аудит жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда осы Стандарттың 6.3 - 7.5-тармақтарында белгіленген рәсімдер орындалады.

Орындалған түзету іс-қимылдары, егер сәйкессіздіктерді қайта анықтау жағдайларының төмендеуі немесе толық болмауы байқалса, нәтижелі болып саналады.

**А қосымшасы
(ұсынылатын)**

Техникалық аудит бағдарламасының нысаны

БАҒДАРЛАМА

техникалық аудит _____

(дайындалатын өнімнің, жұмыс істейтін
өндірістік процестердің атауы)

(аудиттелетін кәсіпорынның атауы)

1. Басшы _____

(Т. А. Ә.)

1.1 Аудиторлар _____

(Т. А. Ә.)

2. Техникалық аудит мақсаттары.

3. Техникалық аудит саласы: техникалық аудит мазмұны және шегі.

3.1. Аудит мазмұны: қызмет түрлері және процестер.

3.1.1. Қызмет түрі: _____

3.1.2. Процестер мен рәсімдер: _____

3.2. Аудиттің шекаралары: орналасқан жері, ұйымдық құрылымы, уақыт кезеңі.

3.2.1. Орналасқан жері: _____

3.2.2. Ұйымдық құрылымы: _____

3.2.3. Техникалық аудит жүргізу кезеңі: _____

4. Аудит критерийлері.

Б қосымшасы
(ұсынылатын)

Техникалық аудит актісінің нысаны

20 ж. «__» _____

_____ (өткізу орны)

А К Т
техникалық аудит

_____ (аудит саласы: сапа менеджменті жүйесі, дайындалатын өнім, жұмыс істейтін өндірістік процестер)

_____ (аудиттелетін кәсіпорынның атауы)

1. _____ (техникалық аудит жүргізу үшін негіздеме)

2. _____ (мақсаты)

3. _____ (кәсіпорын және өндірістік процестер туралы жалпы мәліметтер)

4. _____ (алдыңғы техникалық аудит нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдарын орындау нәтижелері)

5. _____ (анықталған сәйкессіздіктер)

6. _____ (қорытындылар мен ұсынымдар)

Аудиторлық топ басшысы және мүшелері:

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты-жөні, тегі)

Актімен таныстым, бір данасын алдым

_____ (аудиттелетін кәсіпорын басшылығының өкілі) _____ (қолы) _____ (аты-жөні, тегі)

**В қосымшасы
(ұсынылатын)**

**Түзету іс-қимылдарын орындау нәтижелері бойынша
есеп нысаны**

(аудиттелетін кәсіпорынның атауы)

БЕКІТЕМІН
Аудиттелетін кәсіпорын басшысы

(қолы)
20__ ж. «__» _____

**СӘЙКЕССІЗДІКТЕРДІҢ СЕБЕПТЕРІН ЖОЮ БОЙЫНША
ТҮЗЕТУ ІС-ҚИМЫЛДАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

(техникалық аудиттің мақсаты, техникалық аудит жүргізілген күн)

Р/с №	Талап- тар	Сәйкессіз- діктер сипаттама- сы	Сәйкессіз- діктердің себептері	Түзету іс-қимылдары			
				Мазмұ- ны	Орын- даушы	Жоспар- лы орын- дау мерзімі	Іс- қимылдың орындал- ғанын растайтын куәліктер- дің тізбесі, нақты орындау мерзімі



«КТЖ» ҰК» АҚ

АО «НК «КТЖ»

NC KTZ JSC

БҰЙРЫҚ

25 сентябрь 2025 года

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 850 – ЦЗ

город Астана

Об утверждении стандарта организации

В целях актуализации порядка проведения технических аудитов предприятий - изготовителей продукции железнодорожного назначения для нужд группы компаний акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемый стандарт организации СТ АО 1.14-2025 «Проведение технических аудитов предприятий-изготовителей продукции железнодорожного назначения для нужд группы компаний акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» (далее – Стандарт).

2. Руководителям структурных подразделений и дочерних организаций акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» обеспечить соблюдение требований Стандарта.

3. Приказ от 21 апреля 2022 года №230-ЦЗ «Об утверждении стандарта организации» признать утратившим силу.

Главный инженер



Р.Садыркулов

Исп. Мусина Г.Н – ТЦ
+ 7 (7172) 60-42-19

Акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

СТАНДАРТ ОРГАНИЗАЦИИ

**ПРОВЕДЕНИЕ ТЕХНИЧЕСКИХ АУДИТОВ
ПРЕДПРИЯТИЙ-ИЗГОТОВИТЕЛЕЙ ПРОДУКЦИИ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО НАЗНАЧЕНИЯ ДЛЯ НУЖД ГРУППЫ
КОМПАНИЙ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «НАЦИОНАЛЬНАЯ
КОМПАНИЯ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ»**

СТ АО 1.14-2025

г. Астана

Предисловие

1 1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Техническим центром акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Главного инженера акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» от «15» октябрь 2025 года № 850-УЗ

3 ВВЕДЕН ВЗАМЕН: СТ АО 620100210058-ТЦ-2025 «Проведение технических аудитов предприятий-изготовителей продукции железнодорожного назначения для нужд группы компаний акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

«Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Термины, определения и сокращения	1
4	Основные положения	3
5	Цели, задачи и принципы технического аудита	3
6	Порядок подготовки технического аудита	4
7	Порядок проведения технического аудита	6
7.1	Проведение предварительного совещания	7
7.2	Сбор и проверка данных	7
7.3	Формирование выводов технического аудита	9
